

А.Д. Байшуакова*, Г.Д. Сугирбаева

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: baishuakova1806@mail.ru; sugirbaeva@mail.ru)

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандарының хаттары және дипломатиялық хат алмасулардағы шағатай тілінің рөлі

XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының халықаралық қарым-қатынастарында қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары негізгі дипломатиялық дереккөзі болып саналады. Қазақ қоғамының басқарушы элитасының хаттарын кешенді түрде зерттеу және ғылыми айналымға енгізу мәселесінде белгілі тарихшы И.В. Ерофеева үлкен еңбек сіңірді. Хандар мен сұлтандардың хаттарында Қазақ хандығындағы ішкі және сыртқы саяси жағдайына байланысты нақты тарихи мәліметтер кездесетіндіктен олар тарихшы-зерттеуші үшін құнды тарихи жәдігер болып табылады. Мақалада И.В. Ерофееваның жетекшілігімен 2014 жылы жарық көрген «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты екі томдық фундаменталды еңбектің негізінде хандар мен сұлтандардың хаттары қарастырылған, қазақ басқарушы элитасының билігіндегі ерекшеліктері баяндалған. Сонымен қатар мақалада қарастырылған тарихи кезеңдегі дипломатиялық қызмет атқарған және кеңінен қолданылған шағатай тіліне байланысты мәселелерге ерекше назар аударылған. XVI-XIX ғасырларда хандар мен сұлтандардың хаттары негізінен әдеби шағатай немесе ортаазиялық түркі тілінде жазылды. Шағатай тілі далалық хандықтарда іскерлік тілдің қызметін атқарды және көрші елдердің монархтарымен дипломатиялық хат алмасуларда кеңінен қолданылды.

Кілт сөздер: хаттар, эпистолярлық мұра, хандар, сұлтандар, басқарушы элита, хандық билік, хатшы, дипломатиялық тіл, шағатай тілі.

Kipicne

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандарының хаттарын зерттеу ісінде белгілі тарихшы Ерофеева Ирина Викторовна орасан зор ғылыми зерттеулер жүргізіп, соның нәтижесінде 2014 жылы «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты екі томдық еңбегін жарыққа шығарды. Жаңа заман дәуірінде хаттар тек қазақ басқарушы элитасына тән болғандықтан Ирина Викторовнаның басшылығымен жарияланған екі томдық жинағындағы хаттар қазақ хандары мен сұлтандарына тиесілі болды.

Ирина Викторовна Ерофеева Қазақстанның кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заман дәуірі бойынша нағыз кәсіби тарихшы, ірі ғалым еді. Оның ғылыми мұрасында қазақтың басқарушы элитасы, яғни хандар, сұлтандар ерекше маңызға ие болды. Ғалым осы мәселелер төңірегінде үлкен ғылыми зерттеулер жүргізе отырып «Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время)» [1], «Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники)» [2], «Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик» [3], т.б. өзінің көлемді еңбектерін жарыққа шығарды. Ғалымның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты екі томдық еңбегі жоғарыда келтірілген ғылыми мұрасының тікелей жалғасы болып табылады.

И.В. Ерофеева өз зерттеулерінде қазақ халқының дәстүрлі басқарушы элитасының патшалық үкіметке қарсы күресте жұмылдыру мәселесін алға тартты. Ресей империясы қазақ даласын отарлық тұрғыда бағындыру ісінде өзінің басты мақсаты халқымыздың тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан сұлтан әулетінің даусыз артықшылығын жоюға қол жеткізді [4; 20].

Ирина Викторовнаның ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденісінің нәтижесінде жарияланған қазақ басқарушы элитасының хаттары тарихшылар үшін таптырмас құнды дерек көзі. Қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары көрші елдермен халықаралық қарым-қатынастарды орнату, реттеу, дамыту мәселесінде аса маңызды рөл атқарды. Мақалада қазақ хандары мен сұлтандарына тиесілі хаттардың негізгі ерекшеліктері, хандар мен сұлтандардың билігі, дипломатиялық хат алмасуларда іскерлік тілдің функциясын атқарған шағатай тілі мәселелері жан-жақты қарастырылған.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: baishuakova1806@mail.ru

Зерттеу әдістері мен материалдар

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандарының хаттары және дипломатиялық хат алмасулардағы шағатай тілін қолдану мәселелерін зерттеу барысында мақалаға негізгі арқау болған И.В. Ерофееваның ғылыми еңбектері, хан мен сұлтандардың билігін қарастыруда М.А. Сарсембаевтың монографиясы, Қазақ хандығы дәуіріндегі жазбаша тілдерді талдауда белгілі ғалымдар К.Ш. Хафизованың, Т.К. Бейсембиевтың және т.б. зерттеулері кеңінен қолданылды.

Хандық билік туралы з.ғ.д., профессор М.А. Сарсембаевтың «Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи» атты монографиясында шыңғысидтер билігінің мұрагерлік өкілдері хан мен сұлтандардың мәселесі терең талданған. Дипломатиялық тілдің қызметін атқарған шағатай тілін қарастыруда белгілі шығыстанушы ғалым Т.К. Бейсембиевтың «Среднеазиатский (чагатайский) тюрки и среднеазиатский фарси — письменные языки Казахского ханства» атты мақаласын ерекше атап өтуге болады. Т.К. Бейсембиев өз мақаласында шағатай тілінің дамуындағы шешуші кезеңдерді, интеграциялық фактор ретінде бұл тілдің Орта Азиялық мәдени-тарихи қауымдастықтың лингвистикалық деңгейіндегі тілдік одағын қалыптастыруда атқарған рөлін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеген.

Зерттеуге арқау болған мәселелерді жүйелі түрде ашу мақсатында тарихилық, объективтілік, жүйелілік, талдау, саралау әдістері басшылыққа алына отырып, мақалада қарастырылған мәселелерге байланысты ғалымдардың жазылған зерттеулеріне, ғылыми еңбектеріне терең талдау жасалды.

Талқылау

Тоталитарлық үстемдік жағдайында өткен туралы жадыны жою жөнінде кезінде Тациттің өзі шағымданды. Ол егер де ұмыту біздің билігімізде үнсіздік сияқты болса тілмен бірге біз жадымызды де жоғалтар едік деп жазды. Г. Кансиктің пікірінше, диктатурада тіл, жады және тарих жоғалады [5; 91]. Қазақстан кеңестік дәуірде тоталитарлық үстемдікті басынан кешіріп, өз тілін, тарихын, жадын жоғалтуға сәл қалды. Халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіруде тарихшылар өз тұрғысынан елеулі еңбек атқарып және ол күрделі істі әлі де жалғастыруда. Осындай қажырлы еңбекті талап еткен ғылыми зерттеу ісімен айналысқан белгілі тарихшылардың бірі Ирина Викторовна Ерофеева. Ол Қазақстанның кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заман тарихына байланысты іргелі зерттеулерді жүргізген, бүкіл саналы ғұмырын тарих ғылымына сарп еткен ғалым.

Белгілі қазақстандық тарихшы Қ. Өскенбай «Ирина Викторовнаның зерттеулерінің басты тақырыбы ол XVIII-XIX қазақ элитасының тарихы, жаңа замандағы саяси және әскери тарих, деректер мен тарихнама болды», – деп көрседі [4; 25]. И.В. Ерофееваның бай интеллектуалдық мұрасына Қазақстанның Ресейге тәуелділік кезіндегі XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының мұрагерлік аристократиясын жан-жақты зерттеу, ол зерттеген мәселелеріне тереңінен үңілу, нақты тұжырымдар жасау ерекше тән еді [4; 26]. Ол патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы күресте дәстүрлі қазақ басқарушы элитасының жұмылдыру мәселесіндегі рөлін көтерді [4; 28]. Оның еңбектерінде билік қатынасының нақты субъектілері — қазақ хандарын зерттеу үлкен маңызға ие болды [4; 30].

И.В. Ерофеева қазақ тарихындағы хандық билік мәселесіне байланысты көптеген ғылыми еңбектерін көпшілікке ұсынды. Ғалымның 2003 жылы Алматы қаласында жарияланған «Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники)» атты кітабында хандық билік туралы құнды мағлұматтар келтіріледі. Қазақ хандығындағы билік құрылымындағы номадтардың дәстүрлі сословиелік-касталық бөлінісі «ақ сүйек» және «қара сүйек» деген екі негізгі топқа негізделген. Бұл екі топ статустық-құқықтық, саяси, әлеуметтік-мәдени және функционалдық қатынаста бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді. «Ақ сүйек» әлеуметтік тобы артықшылығы бар индивидтердің жабық корпорациясын құрады, оған династиялық шығу-тегі, сословиелік тұйықтылығы, эндогамия, генеалогиялық тұрғыдан үш жүзден оқшаулануы және қоғамдық қатынастар жүйесіндегі үлкен маңыздылығы секілді ерекшелендіретін белгілері сырттан өткізбейтін күшті құрады. Оған төре немесе сұлтандар, сайидтер және қожалар үш аристократиялық сословие енді. Олардың өкілдері экономикалық жағдайына, жеке интеллектуалдық, физикалық, әдептік қасиеттеріне қарамастан туылған кезінен бастап осы сословиелік-касталық топқа тән ұрпақтан-ұрпаққа берілетін жоғары әлеуметтік статусты және сонымен бірге ерекше құқықты иемденді. «Қара сүйек» эндогамды құрылым болып табылмады және мұрагерлікпен берілетін артықшылықтарға ие болмады, оған меритократия принципі мен мүлкілік жағдайына байланысты кез келген индивид қол жеткізе алатын еді [2; 11].

«Ақ сүйек» аристократиялық элитаның жоғары қабатын төре мен сұлтандар құрады. Ол Шыңғыс хан ұрпақтарының басқарушы династиялық тармағынан тараған тұлғаларды біріктіретін топ болды. Қазақ хандығы пайда болған кезден бастап «төре» түркі термині (қазақша төре; тура, туре, тюре, тюря) «таксыр», «князь», «ханзада» мағынасында қолданылып, кландық-корпоративтік топтың ішіндегі статустық иерархиялық атағына және жүзеге асыратын әлеуметтік қызметтерінің санына қарамастан Далада Шыңғыс ханның (Жошы жағынан) ерлер жағынан ұрпақтарын белгілеу үшін қолданылды. Шыңғысидтер «ақ сүйектер» әлеуметтік тобын құраушы жүйесінің өзегі болды, сол кездегі қазақтарда оларды халық анықтамасы «тағын» деп белгіледі. Төрелер тобына дәстүрлі түрде мұрагерлік шыңғысидтер сұлтандар (арабтың сөзі «билік» немес «үстемдік») тобы жатты. Олар қазақ жүздеріндегі зайырлы билікті иемденді [2; 12]. Төрелердің сословиесіне жату бұл индивидтің туылған кезінен бастап қазақтардың үстемдік етуші сословиесі қатарына кіруін және оның қазақ қоғамындағы барлық салаларында ерекше құқықтар мен артықшылықтарды, соның ішінде саяси үстемдік пен жоғары (хандық) билік иемденуін анықтайтын. Қатардағы көшпелі қазақтар бұрынғы дәстүр бойынша XVIII ғ. мен XIX ғ. басында сұлтандарды артықшылығы бар сословие ретінде мойындап, оларға ерекше құрмет пен қошеметпен қарайтын [2; 12-13]. Төрелердің қазақ қоғамының басқа мүшелерінен ерекшелігі олар билер сотында қаралмайтын және тек хан сотымен ғана сотталуы мүмкін еді. Бұл сословиенің әйелдеріне қатаң түрде эндогамды барьер бекітілді. Егер де ол «қара сүйек» ер азаматқа шықса, мұндай жағдайда өзінің сословиесінің бүкіл артықшылықтарынан айырылатын, ал «қара сүйек» әйел сұлтанға тұрмысқа шықса бірден «төрелердің» сословиесіне қосылатын [2; 13].

Қазақстандық тарихшы В.П. Юдин шыңғызизм идеологиясын Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары құрған мінсіз тәртіптің жалпы әмбебап моделі деп көрсетті. Ол Шыңғыс хан әулетінің жоғары билікке деген құқығы. Оның мәнісі «хан» деген атақты тек шыңғысидтердің иемденуінде. Түркі-моңғол және тағы да басқа халықтардың санасында шыңғысид еместің хан атағын иемденуі ол заңға қарсы және аморальді әрекет болып табылды [7].

Шыңғысидтердің құқықтары тек әулет, этносаяси шекарамен шектелмеді. Әрбір шыңғысид Шыңғыс ханның династиялық жағынан кез келген ұрым-бұтағы болғанына қарамастан Шыңғыс құқықтары сақталған әрбір елде хан тағына үміткер бола алды. Генеалогияға негізделген шыңғысидтердің саяси гегемониясының мазмұны мен әлеуметтік-территориялық көлемі Еуразия кеңістігінде тек тар әулеттік емес, тіпті тар этникалық мәнге ие болған жоқ, белгілі бір жағдайларда этностан жоғары сипатқа ие бола алды [7].

Хандық билік туралы з.ғ.д., профессор М.А. Сарсембаевтың 2015 жылы «Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи» атты монографиясында ақ сүйектер тобына байланысты көп мәліметтер беріледі. Ол өз зерттеуінде жоғары аристократиялық сословиені құрайтын ақ сүйектер тобына шыңғысидтер, яғни хандар, сұлтандар немесе төрелер, сондай-ақ қожалар жатты деп көрсетеді. Шыңғысидтер қазақтардың ешбір ру мен тайпаларына жатпады, олар генеалогиялық құқығы бойынша қазақ қоғамының басқарушы тобының құрамына енді. Әйгілі Шыңғыс хан әулетінен шыққан ұрпақтарын сұлтан деп атаса, ал одан жоғары тұрған ханды ұлы басшы және билеуші ретінде барлығы мойындап, оған мойынсұнды. Кез келген сұлтан хан атағына үміткер болу құқығын иемденді, сонымен қатар белгілі рулар мен тайпалардан тұратын ұлыстарды басқара алатын болды. Ол ұлыстарда сұлтан әкімшілік, сот секілді билікті жүргізетін. Олар хан пайдасына міндеттерді жүзеге асыруға тиісті емес еді, тек әскери міндеткерлікті орындауға міндеттелді. Шыңғысидтердің билігі мазмұны мен сипаты жағынан саяси тұрғыда еді, ол тек генеалогиялық құқыққа негізделді, ал ұлттық маңызы болмады. Шыңғысид сұлтандар қазақ қоғамының ең ықпалды саяси күші болып саналды. Туа біткен құқығымен шыңғысид ол топтың мүшесі болды. Лайықты деген сұлтандардың қатарынан ғана қазақ хандарын сайлайтын. Мұнда оқшау түрдегі элита шыңғысид — төрелер үстемдік етті [8; 28].

Хан жоғарғы сот ретінде елде жоғары сот билігінің көрінісі еді. Ол билер сотының шешімінде апелляцияларды, әртүрлі ұлыстар өкілдерінің арасындағы дауларды, сонымен бірге бір жағынан шыңғысидтер өкілдері болып табылатын істерді қарастыратын [8; 29]. Кез келген мемлекет басшысы секілді хан өз мемлекетін халықаралық қатынастарда ұсынатын. Ол соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешуде, халықаралық келісімдерге қол қоюда, шетелдік мемлекеттерге өз елшілерін жіберуде, өзге елдерден елшілерді қабылдауда және басқа да сыртқы саяси сипаттағы әрекеттерді жүзеге асыруда көрініс тапты [8; 287].

Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд жазғандай хан ол мемлекет басқарушысын білдіретін түркі атағы. Қазақ хандарының ерекшелігі өз атағын мұрагерлікпен алмауы, ол рулардың ресми өкілдері

сұлтандар, старшиндар және батырлармен сайланатын. Тағы да бір ерекшелігі басқа сословиелердің қатарынан мемлекетті басқара алатын лайықты тұлғалар болса да олар өз кандидатураларын хан басшылығына ұсынуға қатыса алмайтын, яғни хан ретінде тек шыңғысид-сұлтандардың ортасынан ғана ұсынылатын және сайланатын еді [8; 288].

Қазақ хандығында сұлтандар ықпалды саяси күшке ие болды. Олар да хандықтың жүздердің сыртқы саяси қызметінде белсенділік танытты. Әдетте олар шетелдік мемлекеттерге жіберілетін қазақ елшіліктерін басқарды, аманат ретінде берілетін, өз ұлыстарының атынан өзге елдерге елшіліктерді жасақтай алатын. Халықаралық-құқықтық көзқарас тұрғысынан алғанда қызықты бір жайт, ол мейлі қазақ, өзбек шыңғысид кез келген қазақ жүздерінің, моңғол империясының дәстүрлері сақталған ортаазиялық хандықтардың, мемлекеттердің хан тағына үміткер бола алды. Сондықтан да Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюевтың Ресейге тәуелді қазақ сұлтанының Хиуа хандығының атынан шетелдік елшілікті хан ретінде басқарып келуіне шынайы таңқалуын түсінуге болатын секілді [8; 289-290].

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ басқарушы элитасының хаттарын іздестіру, зерттеу, оны эпистолярлық жинақ етіп шығару ісі И.В. Ерофееваның қажырлы еңбегін талап етті. 1999 жылдан бастап 2011 жылға дейін ғалым әріптесі Б.Т. Жанаевпен бірге жекелеген қазақстандық және ресейлік тарихшылардың көмегімен дала басқарушыларының шетелдік мемлекет билеушілеріне жазылған хаттары қамтылған әртүрлі тарихи құжаттар жинағын, Ресей Федерациясы, Қазақстан мен Өзбекстанның 12 ірі архивтері мен фундаменталды кітапханаларының қорларын зерттеді. Осы уақыт ішінде 1675 жылдан бастап 1881 жылдарды қамтитын тарихи кезеңдегі дала хандары мен сұлтандарының, олардың әйелдерінің 2,5 мыңға жуық жолдаулары, оның ішінде 1,75 мыңнан бұрын белгісіз болған хаттары жинақталып, ғылыми тұрғыдан өңдеуден өткізілді. Б.Т. Жанаев 2002 және 2003 жылдары Алматы қаласында жарық көрген «История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.» және «Исатай-Махамбет. 1801-1848 гг.» атты тарихи құжаттардың екі тақырыптық жинағында Ішкі Орда ханы Жәңгірдің (1821-1845 – басқару жылдары) 207 хаты, оның әйелі Фатиманың (1809-1845) 14 хаты және Ішкі Орданың әртүрлі сұлтандары мен Кіші жүздің сұлтан басқарушыларының 42 хаты енген құжаттардың үлкен емес бір тобын басылым етіп шығарды [6; 26].

Далалық тарихи құжаттар ТМД-ның әртүрлі архив қоймаларында шашыраңқы сақталғандықтан олардың көпшілігін табу өте қиынға соқты. Сондықтан да И.В. Ерофеева әріптестерімен ұлттық және шетелдік архивтерде эвристикалық іздестіру жұмыстарын жүргізу барысында зерттейтін корреспонденттер тобының ішінен хаттардың құзыретті авторларымен ғана шектелуге мәжбүр болды. Осыған сәйкес XVII ғ. соңы мен XIX ғ. ортасындағы қазақ көшпелі қоғамының саяси, экономикалық және мәдени өмірінде ең маңызды рөл атқарған қазақ көшпенділерінің басқарушы элита өкілдерінің хаттарына үлкен басымдылық берілді. Ирина Викторовна бұл категорияға 39 далалық басқарушылар мен олардың кейбіреулерінің әйелдерінің 8 хаттарын жатқызды. Авторлардың бірінші тобының құрамына көшпенді қазақтар билігінің дәстүрлі институтының статустық иерархиясын кезекпен басқарған 5 үлкен ханның, Кіші жүздің — 12, Орта жүздің — 16, Ұлы жүздің — 5 және Ішкі Орданың — 3 ханы мен сұлтандары енді. Кейбір атақты тұлғалар номадтардың әртүрлі ру-тайпалық топтарын бір-бірімен параллельді түрде басқарса, ал басқа хандар мен сұлтандар керісінше әртүрлі жылдарда немесе онжылдықтарда қазақтардың белгілі бір топтарының басында болды. Хаттардың авторлығына байланысты мұндай іріктеу бір жағынан көрнекті дала басқарушыларының ұзақ жылдар кезеңіндегі саналы өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің эпистолярлық мұрасын қамтуға, екінші жағынан XVII ғ. соңы мен XIX ғ. ортасындағы әртүрлі уақыттағы жолдаулардың ішінен өз кезеңінде қатар басқарған кейбір қазақ хандарының тарихи шындықты әртүрлі қырларынан сипаттаған хаттардың синхронды тобын анықтауға мүмкіндік берді [6; 26].

Қазақ хандығы тұсында ішкі және сыртқы эпистолярлық құжаттардың авторлары негізінен атақты көшпенділердің басқарушылары, олардың бауырлары, әйелдері, ұлдары және т.б. жақын туыстары болды. Адресанттардың аз тобын локалдық деңгейдегі билік субъектілері ру басқарушы-старшиндар құрады. Қарапайым көшпенділер негізінен алғанда хаттарын шығармады, олар қажет жағдайда ішкі коммуникацияны реттеу мәселесінде иерархиялық сатыда жоғары орналасқан далалық делдалдарға жүгінді [6; 17].

Қазақ хандары мен сұлтандарының табылған жолдауларының ішінен басым көпшілігі Романовтар династиясының басқарушыларына және провинциялық әкімшіліктің әртүрлі лауазымды тұлғаларына: шекаралас губерниялардың басшыларына, оларға бағынышты орта буын шенеуніктеріне, қазақ көшпенділерінің солтүстік шептерінде орналасқан әскери контингенттердің командирлеріне және же-

лілік бекіністер коменданттарына бағытталған. Олардың жартысынан көбі орыс тіліндегі синхронды аудармасында, ал қалған құжаттар шағатай түркі тіліндегі араб жазуы нұсқасы және орыс аударма түрлерінде сақталған [6; 27].

Дала монархтарының түпнұсқадағы хаттары түрлі реңктегі қарасиялармен көк-қара түстен бастап қою қоңыр немесе сұр аралас қоңыр түстерде жазылған. Еділ мен Қырымның кейінгі ортағасырлық Жошы мемлекеттеріндегідей, қазақ хандары мен сұлтандарының кеңселерінде жақсы сападағы тұрақты сиялар қолданылатын, олар уақыт өтсе де химиялық ыдырауға қатты ұшырамайтын. Ханның хатшылары хаттарды жазудың басты құралы ретінде басы үшкір, көбінесе қамыстан дайындалатын қаламдарды қолданды. Бұл материал Қазақстанның көпшілік территориясында кездесетін, сондықтан да оны қазақ көштерінде мәтінді қағазға жазар кезінде жасап арнайы өңдейтін. 1736 жылы ағылшын суретшісі Джон Кэстль Әбілқайыр тұрағына саяхат жасаған кезінде өзінің саяхаттық журналында қазақтардың қаламы жөнінде «олар солдан оңға қарай жазады және арасында қамыстан жасалған таяқшасын сияға батырып тұрады» деп көрсеткен. XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында жазудың құралы ретінде қамыстан жасалған таяқшалармен қатар әбден өңделген құс немесе металл қауырсындарын қолданатын болды, оны хан мен сұлтандардың ордаларына Ресей мен ортаазиялық хандықтардан жеткізетін [6; 29].

Көшпелілердің басқарушы элитасының хаттары негізінен әдеби шағатай немесе ортаазиялық түркі тілінде жазылатын, ол XVI-XIX ғасырларда далалық хандықтарда іскерлік тілдің рөлін атқарып, көрші елдердің монархтарымен және шенеуніктерімен дипломатиялық хат алмасуларда кеңінен қолданылатын [6; 29].

Ортаазиялық түркі жазуы Еділ-Жайық, Сібір және Орталық Азиялық аймақтар мәдениеттерінде ақпарат алмасудың басты құралы болып саналды, сонымен қатар татарлар, башқұрттар, қазақтар, өзбектер, қырғыздар, ұйғырлар үшін төрт ғасырға жуық уақыт бойы ортақ әдеби тіл бола отырып, осы тілде өз халықтарының тарихы мен генеалогиясы туралы әртүрлі туындыларын шығарды. Сонымен бірге XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ хандары мен сұлтандары тарапынан көрші елдермен хат алмасуларда ауызекі қазақ тілі қолданылмады, ол тек халық ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларында үстемдік етті [6; 29-30].

XVII ғ. соңы мен XIX ғ. ортасындағы хан мен сұлтандардың хаттарының көпшілігі әдеби шағатай түркі тілінде жазылды, ол бұл кезеңде қазақ билеушілерінің шығыс және орыс монархтарымен дипломатиялық хат алмасудың негізгі тілі болып қала берді. Түркі тілінің халықаралық қатынастарда ресми деңгейде болуы далалық хандарды, сұлтандарды, ықпалды ру басқарушыларын-старшиндарды оның грамматикалық негіздерін меңгеруді міндеттеді. Бұл олардың тілмәштардың көмегінсіз-ақ өзге елдерге жіберілетін және қабылданатын түркі тілінде жазылған дипломатиялық хаттарын өз бетінше оқитындығын, сонымен қатар тыңдалған мәтінді жазбаша түсірген жеке хатшыларының жазбаларының деңгейін анықтай алатындығын білдіреді. Кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заманның басындағы түркітілдес жазбаша деректерде нақты қазақ хандары мен сұлтандарының жалпы түркі әдеби тілінің игеру деңгейін анықтауда түркіше оқу сөз тіркесі қолданылатын [6; 30-31]. Бірақ осыған қарамастан лексикалық құрылымы жағынан күрделі сыртқы бағыттағы ресми құжаттарды құрастыруда олардың білімі жетпеді, сондықтан да хандар мен сұлтандар хаттарды жүргізу ісінде кәсіби хатшыларға жүгінді. Алайда ерекше мәтіндерін олар өздері баяндады. XVIII ғасырдың 30-жылдардың соңына дейін қазақ басқарушылары хатшы ретінде көбінесе Орта Азиядан мұсылман дінбасылардың ортасынан шыққан сауатты адамдарды қолданды. Олар қазақ даласына белсенді түрде көшіп, мұнда бай және ықпалды шыңғысидтерден пана тапты [6; 31]. И.В. Ерофеева «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты екі томдық жинағының бірінші томында қосымша ретінде XVIII ғ. ортасындағы және XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ хандары мен сұлтандарының хатшыларына байланысты тізімін ұсынады [6; 615-618]. Ұсынылған тізімдегі хатшыларды этникалық жағынан негізінен башқұрт, татар, орыстар құрады.

Қазақ хандарының хаттарында әртүрлі тілдерді қолдануы олардың тілшілерінің белгілі бір тілді меңгеру ісіне байланысты еді. Олар көбінесе хатшы ретінде татарлардан, башқұрттардан, мишарлардан, бұқарлықтардан (тәжік, ұйғыр), төтенше жағдайларда моңғолдардан және маньчжурлардан шыққан хатшыларды алды. Хатшылыққа мишарларды Сібір және Орынбор билеушілері жіберді, олар қазақтар сөзловнесіне жатты және кейбіреулері шоқындырылған еді. Қазақ басқарушылары өздерінің саясатының ашықтылығын көрсету мақсатында Орынбор губернаторларынан өз ордаларына «кейбір істерді түзету және балаларды оқыту үшін» татар тілінен аударатын аудармашыларды жіберуді сұранды. Хандар сауатты татарларды, башқұрттарды, сарттарды, тәжіктерді, ұйғырларды жоғары баға-

лады. Егер де хатшылар орыстарға тұтқынға түскенде олардың қайтарып беруін табандылықпен талап етті. Негізгі дәлелі ол көпшілік жағдайда хатшылар мен дінбасылар басқыншылықтарда және қарулы қақтығыстарға қатыспайтын еді [9; 19].

Танымал қазақстандық шығыстанушы, полиглот, тарихшы Бейсембиев Тимур Касымович «Среднеазиатский (чагатайский) тюрки и среднеазиатский фарси – письменные языки Казахского ханства» атты мақаласында шағатай тілі туралы құнды ғылыми көзқарастарымен бөліскен [10]. Бұл мақаласы ең алғаш рет 2006 жылы Москва қаласында «Тюркологический сборник» журналында жарияланған еді. Аталған мақала 2021 жылы «Алтаистика, тюркология, монголистика» атты Халықаралық ғылыми журналда қайта басылып шығарылды. Ол өз мақаласында дүниежүзілік тарихта аймақтық тілдер үлкен маңызға ие, себебі олар ұзақ уақыт бойы өзінің шығу-тегіне, мәдениетінің жақындығы мен дінінің ортақтығына байланысты халықтар мен этностардың коммуникациясының құралы болып, адамдық дамуда үлкен із қалдырды деп көрсетті. Орта ғасырларда және жаңа заманда мұсылмандық Шығыста мұндай рөлді араб және парсы тілдері атқарды. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары мен олардың, мейлі ол отырықшы, мейлі көшпенді көршілері болсын шағатай тілі деген атпен мәлім ортаазиялық түркі тілі өте үлкен маңызға ие болды. Кейбір зерттеушілер оны аса нақты емес ескі өзбек тілі терминімен атайды. Жалпы бұл тілдің дамуы моңғол басқыншылығы кезеңімен тығыз байланысты. Осы тілдегі әдебиеттің дамуы XIV ғ. соңына, яғни XVI ғ. басында Шыңғыс хан империясының бір бөлігі оның ортаншы ұлы Шағатайға тиесілі және Орта Азия мен Шығыс Түркістанның үлкен бөлігін қамтитын Шағатай ұлысының едәуір территориясына тән болды. Осыған байланысты бұл тіл шағатай деп аталып кетті [10; 85].

XIV-XV ғасырларда ортаазиялық түркі өзінің дамуының алғашқы кезеңінде ұйғыр және араб жазуларын қолданды. Ұйғыр жазуын Шыңғыс хан енгізді, мұндағы мақсаты ұйғыр хатшыларының (битикчи) көмегімен ұланғайыр империяны орталықтандыра отырып басқару. А.П. Григорьев анықтағандай 1380 жылға дейін Алтын Орданың ресми тілі «ұйғыр жазба үлгісінде қолданылатын моңғол тілі» болды [10; 86]. XV ғасырда ұйғыр жазбасын араб жазуы ығыстырды, бұл XIII ғ. соңында, яғни XIV ғ. басында моңғолдардың өздеріне тәуелді мұсылман елдерінде ислам дінінің қабылдауы және ислам қауымына біртіндеп интеграциялануымен байланысты еді [10; 87-88].

Шағатай тілінің кең таралуына және әдебиетінің өркендеуіне ол тілде туындыларын шығаратын жазушылардың әлемдік араб және әсіресе парсы ислам тілдерін кеңінен қолдануы, сонымен бірге олардың ең үздік әдеби үлгілерін түркі шығармаларында жиі пайдаланғаны ықпал етті [10; 89]. Бұл процестер Қазақстан мен Орта Азия арасындағы байланыстың нығаюына әсерін тигізді. Өз кезегінде XVI–XIX ғасырларда қазақ даласында ортаазиялық түркі тілі іскерлік тілдің рөлін атқарып, дипломатиялық хат алмасуларда кеңінен қолданылды [10; 90].

XVI–XIX ғасырларда ортаазиялық түркі қазақ, өзбек және ұйғыр халықтарының ортақ әдеби тілі болды [10; 93]. Бұл кезеңде ортаазиялық түркі Евразия халықтары үшін үлкен мәдени маңызға ие еді. Әдеби және іскерлік тіл ретінде оны Орта Азия мен Қазақстанда, Шығыс Түркістанда және Еділ аймағында, Қырым мен Хорасанда, Үндістан мен Кіші Азияда кең түрде қолданды, онда шағатай тіліне туыс болып келетін осман-түрік әдеби тілі нығая бастады [10; 97].

Қазақ хандары хаттарында қалмық «тодо бичиг» — «анық хатты», түркі шағатай жазуын, араб графикасына негізделген парсы, ұйғыр тілдерін, сонымен бірге маньчжур тілі мен маньчжур жазуын да қолданды. Орыстардың ресми құжаттарында осыған байланысты келесі ескертпелер қойылатын: «татар жазуынан аударма», «түпнұсқа татар жазбасы», «түпнұсқа татар жазбалары» [9; 18].

Шағатай тілін зерттеуде ф.ғ.к. З. Шадқам мен Б. Базаркулованың 2015 жылы жарияланған «Шағатай тілі және оның даму кезеңдері» атты мақаласында шағатай тілінің қалыптасуы туралы көп мәліметтер келтіріледі [11]. Бұл мақаласын жазуда авторлар шағатай тілі туралы жазылған түркиялық ғалым профессор М. Арғуншаһдың «Шағатай түрікшесі» атты еңбегіне сүйенген. XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін шағатай тілі Осман мемлекетінен тыс орналасқан Азиядағы шығыс түркілерінің жазба және сөйлеу тілі болған. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханид тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қараханид мемлекеті ыдырағаннан кейін хорезм және қыпшақ тілдері таралды. Бұл тілдер өтпелі кезеңде пайда болғандықтан XIV ғ. аяғында Орта Азияда Әмір Темір түркілердің басын біріктірген соң, олардың орнын ортақ бір тіл, яғни шағатай тілі иеленді. Әмір Темір билігі кезеңінен бастап түркі тайпалары шоғырланған аймақтарда дамыған мәдени-ғылыми ошақтарда кеңінен таралған шағатай тілі, жан-жаққа шашырап кеткен түркі тілдерін біртұтас қалыпқа келтіріп, XX ғ. басына дейін қолданыста болған. Шағатай тілі XV ғ. бастап Әмір Темір, Шайбани,

Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қолданылған [11; 259].

Шағатай ұлысында өмір сүрген көшпелі түркі тайпаларын атау үшін қолданылған «шағатай» терминін, кейіннен жазушылар мен тарихшылар «Темір мемлекетінің түркі халқы, Темір түркілері» деген атау үшін де қолданған. Сол кезеңнің өзінде дамыған тілді түсіндіру үшін «шағатай тілі», «шағатай түркісі» терминдері пайда болған. Бұл ретте шағатай кезеңінің жазушылары мен ақындары өз тілдеріне «Türki/түркі, Türk tili/ түрік тілі, Türki til/ түркі тіл, Türk lafzı/түрік лафзы, Türk elfazı/түрік элфазы, Türkçe/түрікше, Türkçe til/түрікше тіл» терминдерін қолданған еді. Науаи түрікше деген сөздің орнына «Çağataı lafzı/чағатай лафзы» терминін қолданды. Mizanü'l-evzân/ мизан-ул эвзанда «туюғ» сөзін: «Түрік халқы, әсіресе шағатай халқы ішінде тараған ырғақ» деп түсіндіргенде, түрік және шағатай сөздерін бөлек мағынада пайдаланды. Абылғазы Бахадурхан «Шежере-и Теракимеге» кіріспесінде Темір билігі кезеңінде араб және парсы сөздерімен аралас тілді шағатай тілі деген екен [11; 260]. Негізі бұл атауды алғаш рет Армин Вамбери пайдаланды. Вамбери 1867 жылы Лейпцигте басылып шыққан «Çagataische Sprachstudien» («Шағатай тілі зерттеулері») атты кітабы арқылы бір дәуірдің тілінің «шағатай тілі» аталуына және қолданылуына тікелей себепкер болды. Мажар Жозеф Тюри, неміс Мартин Хартман және басқа да түркітанушылар шағатай сөзін осы мағынада қолданып, кеңінен таралуына әсер етті [11; 260].

Соңғы жылдары зерттеуші А. Авалиев шағатай тіліне байланысты бірқатар ғылыми мақалаларын жариялады. 2021 жылы оның «Чагатайский язык: особенности степной дипломатии» [12] және 2022 жылы ф.ғ.к. Г.К. Кортабаевамен бірлескен «История казахской дипломатии: переписка казахского ханства с Российской империей» атты мақалалары шықты [13]. «Чагатайский язык: особенности степной дипломатии» мақаласында автор шағатай тілі араб және парсы сөздер мен сөз айналымдары күштеп енген ортаазиялық түркі тілінен шыққан және түркі тілдік отбасының қарлұқ тармағына жатады деп көрсеткен. Шағатай тілі Қараханидтер дәуірінен шыққан, ол түркі халықтарының үнемі қоныс аударуының және географиялық орталықтары ауысуының салдарынан әртүрлі диалектикалық үлгілерін өз бойына сіңірді [12; 52]. Қазақ хандығы пайда болған соң ресми тілі қазақ, ал әдеби және дипломатия тілі шағатай тілі болды.

Шағатай тілі туралы шетелдік ғалымдар да өз зерттеулерін жүргізіп, оған байланысты ғылыми еңбектерін шығарды. Түрік ғалымы Чакан Варистің Осака университетінің Әлемдік тілдерді ғылыми-зерттеу институтының басылымында жарық көрген «Çagataı Turkish and Its Effects on Central Asian Culture» атты мақаласында шағатай тілі туралы өз ойларын ғылыми тұжырымдайды [14; 144]. Ол XIII-XIX ғасырларда шағатай тілі Орталық Азияның жазба, әрі дипломатиялық тілі болған деп көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл тіл ықпалынан айрылып, аймақтық диалектілерге бөлініп кетті. 1867 жылы Герман Вамберидің мақаласынан кейін шағатай түркі тілі көпшілігін қызықтырды. Осыдан соң неміс және венгр ғалымдары, олардың ішінде Юзеф Тури, Мартин Хартманн, Орталық Азияның барлық диалектілерін қамтыған шағатай тілі ортақ әдеби, әрі жазбаша тілі болған. Шейх түрік-осман болған Сулейман Эфенди «Lugat-i Çagataı ve Türkî-yi Osmanî» сөздігінде осы көзқарасты ұстанатындығын жеткізді. Ал француз шығыстанушылары Э. Марк Кватремер және Павел де Куртейлер, сонымен қатар неміс ғалымы Й.Т. Зенкер шағатай тілін белгілеуде «шығыс түрік» деген ұғымды пайдаланды [14; 147].

Қорытынды

Қазақ хандарының XVII-XIX ғасырлардағы хаттарын шетелдік және отандық архив қорларынан ұзақ жылдар бойы іздестіру, зерттеу, оны эпистолярлық кешен етіп жариялау ісінде танымал ғалым Ирина Викторовна Ерофееваның атқарған еңбегі орасан зор. Осы тұрғыда айта кететін мәселе, еліміздегі тарих ғылымы саласында эпистолярлық мұра дерек ретінде әлі де нақты өз орнын таппаған секілді. Тарихи ғылыми зерттеулерде эпистолярлық деректер кеңінен қолданылмайды.

Кейінгі орта ғасырларда және жаңа заман дәуірінде қазақтың басқарушы элитасы ішкі және сыртқы саяси мәселелерді шешуде көрші елдермен дипломатиялық хат алмасуларды кең түрде қолданды. Дипломатиялық хат алмасуларды шағатай тілі арқылы жүзеге асырды. XV ғ. бастап шағатай тілі Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы, Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қалыптасты. XVI-XIX ғасырларда далалық хандықтарда көрші елдердің басшыларымен дипломатиялық хат алмасуларда шағатай тіліне жүгінді және ол нағыз іскерлік тілдің рөлін атқарды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время) / И.В. Ерофеева. — Алматы: ИД «Аркаим», 2001. — 152 с.
- 2 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. (история, историография, источники) / И.В. Ерофеева. — Алматы: ТОО «Print-S», 2003. — 178 с.
- 3 Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик / И.В. Ерофеева. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 456 с.
- 4 Кундакбаева Ж.Б. Наследственная элита казахского социума XVII–XIX вв. в научном наследии Ирины Ерофеевой [Электронный ресурс] / Ж.Б. Кундакбаева, А.А. Нуратай // *Nomadic civilization: historical research*. — 2021. — 1(2). — С. 20–37. — Режим доступа: <https://doi.org/10.53315/2782-3377-2021-1-2-20-37>.
- 5 Ассман Я. Культурная память: Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / Я. Ассман, пер. с нем. М.М. Сокольской. — М.: Языки славянской культуры, 2004. — 368 с.
- 6 Ерофеева И.В. Письма казахских ханов и султанов последней четверти XVII–середины XIX в. как исторический источник / И.В. Ерофеева // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов: сб. ист. док. в двух томах. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг. / Авт. проекта, введения, биогр. ханов, науч. коммент.; сост. и отв. ред. И.В. Ерофеева. — Т. 1. — Алматы: Абди, 2014. — С. 15–76.
- 7 Ерофеева И.В. Политическая организация кочевого казахского общества [Электронный ресурс]. / И.В. Ерофеева. — Режим доступа: https://ca-c.org.ru/journal/1997/12-1997/st_15_erofeeva.shtml.
- 8 Сарсембаев М.А. Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи / М.А. Сарсембаев. — Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. — 342 с.
- 9 Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках: моногр. / К.Ш. Хафизова. — Нур-Султан, 2019. — 476 с.
- 10 Бейсембиев Т.К. Среднеазиатский (чагатайский) тюрки и среднеазиатский фарси — письменные языки Казахского ханства / Т.К. Бейсембиев // *Алтайстика, тюркология, монголистика*. — 2021. — № 1. — С. 83–104.
- 11 Шадқам З. Шағатай тілі және оның даму кезеңдері / З. Шадқам, Б.К. Базарқұлова. // *ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы*. — 2015. — № 4 (74). — Б. 258–261
- 12 Авалиев А.А. Чагатайский язык: особенности степной дипломатии / А.А. Авалиев // *Языки и культура хомуса народов Евразии: речевые и музыкальные коммуникации. Материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 80-летию д-ра филол. наук, проф. СВФУ им. М.К. Аммосова, акад. Европ. акад. естеств. наук, заслуж. работн. культуры ЯАССР и РФ, Почетного гражданина г. Якутска Алексея Ивана Егоровича — Хомус Уйбаан (23 апреля 2021 года)*. — Якутск: Северо-Восточ. федерал. ун-т им. М.К. Аммосова, 2021. — С. 51–54.
- 13 Кортабаева Г.К. История казахской дипломатии: переписка Казахского ханства с Российской империей / Г.К. Кортабаева, А.А. Авалиев // *Отан тарихы*. — 2022. — № 1 (97). — С. 50–60.
- 14 Varis C. Chagatai Turkish and Its Effects on Central Asian Culture / C. Varis [Electronic resource] // *Osaka University Knowledge Archive*. — 2011. — Vol. 6. — P. 143–158. Access mode: https://ir.library.osaka-u.ac.jp/repo/ouka/all/12239/riwl_006_143.pdf.

А.Д. Байшуакова, Г.Д. Сугирбаева

Письма казахских ханов XVII–XIX веков и роль чагатайского языка в дипломатических переписках

В международных отношениях Казахского ханства XVII–XIX веков основным дипломатическим источником являются письма казахских ханов и султанов. Известный историк И.В. Ерофеева внесла большой вклад в вопросе комплексного изучения писем правящей элиты казахского общества и введения их в научный оборот. Для историка-исследователя письма ханов и султанов представляют ценный источник, так как в них содержатся достоверные исторические сведения о внутриполитической и внешнеполитической ситуации в Казахском ханстве. В статье на основе двухтомного фундаментального исследования «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов», изданной под руководством И.В. Ерофеевой в 2014 г., рассматриваются письма ханов и султанов, описываются особенности правления казахской правящей элиты. Также авторы статьи значительное внимание уделяют вопросам чагатайского языка, который служил и широко использовался на дипломатической службе в рассматриваемый исторический период. В XVII–XIX вв. письма ханов и султанов были написаны в основном на литературном чагатайском или среднеазиатском тюркском языке. Чагатайский язык выполнял функцию делопроизводственного языка в степных ханствах и широко применялся в дипломатической переписке с монархами соседних стран.

Ключевые слова: письма, эпистолярное наследие, ханы, султаны, правящая элита, ханская власть, писарь, дипломатический язык, чагатайский язык.

A.D. Baishuakova, G.D. Sugirbayeva

Letters of the Kazakh khans of the XVII – XIX centuries and the role of Chagatay language in diplomatic correspondence

In the international relations of the Kazakh Khanate of the XVII-XIX centuries, the main diplomatic source were the letters of the Kazakh khans and sultans. The famous historian I.V. Yerofeyeva made a great contribution to the issue of a comprehensive study of the letters of the ruling elite of Kazakh society and their introduction into scientific circulation. For the historian-researcher, the letters of the khans and sultans are a valuable source, since they contain reliable historical information about the domestic and foreign policy situation in the Kazakh Khanate. The scientific article based on the two-volume fundamental research “Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite of 1675-1821” published under the leadership of I.V. Yerofeyeva in 2014 examines the letters of khans and sultans, describes the features of the rule of the Kazakh ruling elite. The article also pays considerable attention to the issues of the Chagatai language, which served and was widely used in the diplomatic seice during the historical period under consideration. In the XVI-XIX centuries, the khans’ and sultans’ letters were mainly written in the literary Chagatay or Central Asian Turkic language. The Chagatay language served as a business language in the steppe khanates and was widely used in diplomatic correspondence with the monarchs of neighboring countries.

Keywords: letters, epistolary heritage, khans, sultans, ruling elite, khan's authority, clerk, diplomatic language, Chagatay language.

References

- 1 Erofeeva, I.V. (2001). Simvoly kazakhskoi gosudarstvennosti (pozdnee srednevekove i novoe vremia) [Symbols of the Kazakh statehood (late Middle Ages and modern times)]. Almaty: ID “Arkaim” [in Russian].
- 2 Erofeeva, I.V. (2003). Rodoslovnye kazakhskikh khanov i kozha XVIII–XIX vv. (istoriia, istoriografiia, istochniki) [Ancestry of Kazakh khans and khozhas of the XVII-XIX centuries (history, historiography, sources)]. Almaty: TOO “Print-S” [in Russian].
- 3 Erofeeva, I.V. (2007). Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel, politik [Khan Abulkhair: commander, ruler, politician]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 4 Kundakbaeva, Zh.B., & Nuratai, A.A. (2021). Nasledstvennaia elita kazakhskogo sotsiuma XVII–XIX vv. v nauchnom nasledii Iriny Erofeevoi [Hereditary elite of the Kazakh society of the XVII–XIX centuries in the scientific heritage of Irina Yerofeyeva]. *Nomadic civilization: historical research, Vol. 1(2)*, 20-37. Retrieved from <https://doi.org/10.53315/2782-3377-2021-1-2-20-37> [in Russian].
- 5 Assman, Ya. (2004). Kulturnaia pamiat: Pismo, pamiat o proshlom i politicheskaia identichnost v vysokikh kulturakh drevnosti [Cultural memory: Writing, Memory of the Past and Political Identity in the High Cultures of Antiquity]. (M.M. Sokolskaya, Trans). Moscow: Yazyki slavianskoi kultury [in Russian].
- 6 Erofeeva, I.V. (2014). Pisma kazakhskikh khanov i sultanov poslednei chetverti XVII — serediny XIX v. kak istoricheskii istochnik [Letters of the Kazakh khans and sultans of the last quarter of the XVII — mid-XIX centuries as a historical source]. *Epistoliarnoe nasledie kazakhskoi praviashchei elity 1675–1821 godov: sbornik istoricheskikh dokumentov v dvukh tomakh. Pisma kazakhskikh pravitelei. 1675–1780 gg. - Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite of 1675-1821. A collection of historical documents in two volumes. Kazakh rulers’ letters. 1675-1780*. Avtor proekta, vvedeniia, biografii khanov, nauchnykh kommentariiev; sostavitel i otvetstvennyi redaktor I.V. Erofeeva — Author of the project, introduction, biography of khans, scientific commentators; compiler and executive editor I.V. Erofeeva. Almaty: Abdi, 1, 15–76 [in Russian].
- 7 Erofeeva, I.V. Politicheskaiia organizatsiia kochevogo kazakhskogo obshchestva [Political organization of nomadic Kazakh society]. Retrieved from https://ca-c.org.ru/journal/1997/12-1997/st_15_erofeeva.shtml [in Russian].
- 8 Sarsembaev, M.A. (2015). Kazakhskoe khanstvo kak suverennoe gosudarstvo srednevekovoi epokhi [The Kazakh Khanate as a sovereign state of the medieval era]. Astana: GU “Institut zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan” [in Russian].
- 9 Khafizova, K.Sh. (2019). Stepnye vlastiteli i ikh diplomatiia v XVIII–XIX vekakh: monografiia [Steppe rulers and their diplomacy in the XVIII-XIX centuries. Monograph]. Nur-Sultan [in Russian].
- 10 Beisembiev, T.K. (2021). Sredneaziatskii (chagataiskii) tiurki i sredneaziatskii farsi — pismennye yazyki Kazakhskogo khanstva [Central Asian (Chagatay) Turks and Central Asian Farsi — the written languages of the Kazakh Khanate]. *Altaistika, tiurkologiya, mongolistika - Altaistics, turkology, mongolistics, 1*, 83–104 [in Russian].
- 11 Shadkam, Z., & Bazarkulova, B.K. (2015). Shağatai tili zhāne onyñ damu kezeñderi [Chagatay language and stages of its development]. *Qazaq ultyq universitetinin khabarshysy. Shyğystanu seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Oriental Studies series, 4(74)*, 258-261 [in Kazakh].
- 12 Avaliev, A.A. (2021). Chagataiskii yazyk: osobennosti stepnoi diplomatii [Chagatay language: features of steppe diplomacy]. *Yazyki i kultura khomusa narodov Evrazii: rechevye i muzykalnye kommunikatsii. Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi 80-letiiu doktora filologicheskikh nauk, professora SVFU imeni M.K. Ammosova, akademika Evropeiskoi akademii estestvennykh nauk, zaslužhennogo rabotnika kultury YaASSR i RF, Pochetnogo grazhdanina g. Yakutska Alekseeva Ivana Egorovicha — Khomus Uibaan (23 aprelia 2021 goda) - Languages and culture of the Khomus of the peoples of*

Eurasia: speech and musical communications: materials of the International scientific and practical conference dedicated to the 80th anniversary of the Doctor of Philology, Professor of the NEFU named after M.K. Ammosov, Academician of the European Academy of Natural Sciences, Honored Worker of Culture of the Russian Academy of Sciences and the Russian Federation, Honorary Citizen of Yakutsk Alekseev Ivan Egorovich — Khomus Uybaan. Yakutsk: Severo-Vostochnyi Federalnyi universitet imeni M.K. Ammosova, 51–54.

13 Kortabaeva, G.K., & Avaliev, A.A. (2022). Istorii kazakhskoi diplomatii: perepiska Kazakhskogo khanstva s Rossiiskoi imperiei [History of Kazakh diplomacy: correspondence of the Kazakh Khanate with the Russian Empire]. *Otan tarikhy - History of the homeland, 1*, 50–60 [in Russian].

14 Varis, C. (2011). Chagatai Turkish and Its Effects on Central Asian Culture (Osaka University Center for the Study of World Languages, Trans). *Osaka University Knowledge Archive*. 6, 143-158. Retrieved from https://ir.library.osaka-u.ac.jp/repo/ouka/all/12239/riw1_006_143.pdf.

Букеетов университет